

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІ

«Микрофинансовая организация аФинанс»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

(«МҚҰ аФинанс» ЖШС)

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигацияларды (облигациялық бағдарламаларды, мемлекеттік облигацияларды облигациялық бағдарлама негізінде шығаруды) шығаруды мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік облигацияларды алуға қатысты қандай да бір ұсыныс беруді білдірмейді және осы құжатта бар ақпараттың нақтылығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары, онда берілген барлық ақпарат нақты және эмитентке қатысты және оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторды жаңылдыруға жетелемейтін болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналымда болған кезеңде, эмитент Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнама талаптарына сәйкес, құнды қағаздар нарығындағы ақпаратты қаржылық есептіліктің депозитария ғаламтор-ресурсында ашуды камтамасыз етеді.

1 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1. Құрылтай құжаттарға сәйкес эмитент туралы ақпарат:

1) Эмитенттің алғашқы мемлекеттік тіркелген күні:

«Микрофинансовая организация аФинанс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - «Эмитент») алғашқы мемлекеттік тіркелген күні – 2020 жылдың 11 ақпаны.

2) Эмитенттің мемлекеттік қайта тіркелген күні (егер қайта тіркелу жүзеге асырылған жағдайда):

Эмитент мемлекеттік қайта тіркеуді жүргізбеген

3) Қазақ, орыс және ағылшын (егер бар болса) тілдеріндегі Эмитенттің толық және қысқартылған атауы:

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«Микроқаржы ұйымы аФинанс» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«МҚҰ аФинанс» ЖШС
Орыс тілін	Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация аФинанс»	ТОО «МФО аФинанс»
Ағылшын тілінде	көзделмеген	көзделмеген

4) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда, оның алдыңғы барлық толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олардың өзгерген күндері, және қашан болғаны көрсетіледі:

Эмитенттің атауы өзгерген жоқ.

5) егер эмитент заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықтық мұрагер туралы мәліметтер көрсетіледі:

Эмитент заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылған жоқ.

6) Эмитенттің филиалдары және өкілдіктері бар болған жағдайда, олардың атаулары, тіркелген (қайта тіркелген) күні, эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің орналасқан жерлері мен пошталық мекен-жайлары заңды тұлғалардың филиалдарының (өкілдіктерінің) есепке тұруын тіркеу туралы анықтамасына сәйкес көрсетіледі:

Эмитенттің филиалдары және өкілдіктері жоқ.

7) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі:
200240014008.

8) ISO 17442 «Financial services - Legal Entity Identifier» (LEI) (бар болған жағдайда) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды:

Жоқ.

2. Байланыс телефондарының, факстың нөмірлері және электронды поштасының мекен-жайы, сонымен қатар егер эмитенттің нақты мекен-жайы заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің орналасқан жерінен басқа болған жағдайда, сол мәліметтер көрсетілген заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы анықтамаға сәйкес Эмитенттің орналасқан жері:

- Орналасқан жері: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 265-ғимарат, пошталық индекс 050005.
- Байланыс телефон және факс нөмірлері: +7-727-344-0514, факс жоқ.
- Электронды поштасының мекен-жайы: info@turbomoney.kz.

Эмитенттің нақты мекен-жайы заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркелуі туралы анықтамасында көрсетілген Эмитенттің орналасқан жерінен басқа емес.

2 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ, ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ОЛАР БОЙЫНША ТАБЫС ТАБУ ТӘІЛДЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Облигациялардың осы шығарылымы Эмитенттің Облигацияларының бірінші шығарылымы болып табылады.

3.Облигацияларды шығару туралы мәліметтер:

1) облигациялар түрі:

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар (бұдан әрі –«Облигациялар»), Облигациялар конвертацияланған және инфракұрылымдық болып табылмайды.

2) бір облигацияның атаулы құны (егер бір облигацияның атаулы құны индексацияланған көлем болып табылса, онда қосымша бір облигацияның атаулы құнының есеп айырысу тәртібі көрсетіледі):

1000 (бір мың) теңге.

3) облигациялар саны:

750 000 (жеті жүз елу мың) дана.

4) облигацияларды шығарудың жалпы көлемі:

750 000 000 (жеті жүз елу миллион) теңге.

5) облигациялардың атаулы құнының валютасы, негізгі борыш бойынша және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйақы төлемінің валютасы:

Облигациялардың атаулы құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - қазақстандық теңгемен берілген.

Облигация ұстаушының - Қазақстан Республикасының резиденті емес адамның Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгемен банктік есеп-шоты болмаған жағдайларды есептемегенде, барлық төлемдерді (сыйақы және негізгі борыш сомасын төлеулерді) Эмитент қолма-қолсыз тәртіпте қазақстандық теңгемен жүзеге асырады.

Егер Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) есептелген сыйақының сомасын төлеу, Облигация

ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгемен банктік есеп-шоты бар болғанда қазақстандық теңгемен жүргізіледі.

Облигация ұстаушының - Қазақстан Республикасының резиденті емес адамда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгемен банктік есеп-шоты жоқ болған жағдайда, Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) есептелген сыйақының сомасын төлеуді жүзеге асырғанда, қазақстандық теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға конвертациялауға жол беріледі. Көрсетілген конвертация Облигация ұстаушының - Қазақстан Республикасының резиденті емес адамнан тиісті төлемді төлеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Облигация ұстаушының - Қазақстан Республикасының резиденті емес адамның банктік деректемелері мен төлем жүзеге асырылуы тиіс валюта көрсетілген жазбаша өтінішін алған жағдайда жүзеге асырылады. Конвертация төлем жүзеге асырылатын күні Эмитенттің қызмет көрсететін банкісі белгілеген конвертация бағамы бойына жүзеге асырылады. Эмитенттің қызмет көрсететін банкісінің қазақстандық теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға конвертациялауды жүргізу комиссиясы Облигация ұстаушының - Қазақстан Республикасының резиденті емес адамның есебінен жүргізіледі және Облигация ұстаушыға - Қазақстан Республикасының резиденті емес адамға аударылатын сомадан ұсталып қалатын болады.

4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілдері:

Облигациялар қолма-қолсыз нысанда ақшамен төленеді. Облигацияларды төлеу «Казахстанская фондовая биржа» АҚ (бұдан әрі - «Биржа») қағидаларымен сәйкес жүзеге асырылатын болады.

5. Облигациялар бойынша табыс табу:

1) облигациялар бойынша сыйақылар мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақылар мөлшерлемесі индексацияланған көлем болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақылар мөлшерлемесін есептеу тәртібі көрсетіледі):

Купондық сыйақы ставкасы - облигациялардың барлық айналым кезеңінде бекітілген жылдық 20% (жиырма пайыз).

2) облигациялар бойынша сыйақыларды төлеудің мерзімділігі және (немесе) сыйақыларды төлеу күні:

Облигациялар бойынша сыйақыларды төлеу, Облигацияларды айналдыру мерзімінің барлық кезеңі ішінде Облигацияларды айналдырудың басталған күнінен бастап әрбір 3 (үш) ай сайын жылына 4 (төрт) мәрте жүргізіледі.

3) облигациялар бойынша сыйақыларды есептеуді бастайтын күн:

Облигациялар бойынша сыйақыларды есептеу, Облигацияларды айналдырудың басталған күнінен басталады. Сыйақыларды есептеу Облигацияларды айналдыру мерзімінің барлық кезеңі ішінде жүргізіледі және Облигацияларды айналдыру кезеңінің соңғы күнінде аяқталады.

4) облигациялар бойынша сыйақыларды төлеудің тәртібі және талаптары, облигациялар бойынша сыйақыларды алу тәсілдері:

Сыйақы оны алуға құқықтары бар және Эмитенттің құнды қағаздарын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде сыйақылар төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарияның орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі - «Белгілеу күні») тіркелген адамдарға төленеді.

Сыйақыны төлеу (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарияның орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) Белгілеу күнінің басындағы жағдай бойынша Белгілеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, Облигацияларды

ұстаушылар тізіліміне тілкелген Облигация ұстаушының банктік есеп-шотына Эмитенттің ақшаны аудару жолымен жүзеге асырылады. Әрбір Облигация ұстаушыларына төлеуге жататын купондық сыйақының сомасы, төлеу күні тиісті Облигация ұстаушыға тиесілі орналастырылған Облигациялардың атаулы құнын шығарған сияқты және купондық сыйақының тоқсандық мөлшерлемесімен (Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі, төртке бөлінген) есептеледі. Утірден кейінгі таңбалардың саны мен жуықтату (дөңгелектеу) тәсілі Биржаның қағидаларымен сәйкес айқындалады. Соңғы купондық кезеңдегі купондық сыйақыны төлеу, Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бірге бір уақытта жүргізіледі.

5) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыттық база есебінен айналымның барлық мерзімі ішінде жүргізілетін болады.

6. Арнайы қаржылық компаниямен облигацияларды шығарғанда жобалық қаржыландыруда қосымша көрсетілгендер:

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритилендіру кезінде қосымша көрсетіледі:

- 1) оригинатордың, кастодиан банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;
- 2) оригинатордың қызметінің мәні, секьюритилендіру мәмілесіндегі құқықтары мен міндеттері;
- 3) бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша талап ету құқықтарының сипаттамасы, ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;
- 5) секьюритилендіру мәмілесі бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар қамтылуға тиіс;
- 6) оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;
- 7) секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;
- 8) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері;
- 9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі.

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

3 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ, АЙНАЛДЫРУДЫҢ, ЖАБУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ, СОНЫМЕН ҚАТАР ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ 15 ЖӘНЕ 18-4 БАПТАРЫМЕН БЕЛГІЛЕНБЕГЕН, ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ӨТЕП АЛУДЫҢ ҚОСЫМША ТАЛАПТАРЫ

8. Облигацияларды орналастырудың талаптары және тәртібі:

- 1) облигацияларды орналастыруды бастаған күн:

Облигацияларды орналастыруды бастаған күн, Облигацияларды айналдыруды бастаған күн болып табылады.

2) облигацияларды орналастыруды аяқталған күн:

Облигацияларды орналастыруды аяқтаған күн, Облигацияларды айналдыру кезеңінің соңғы күні болып табылады.

3) облигацияларды орналастыруды жоспарлаған нарқ (құнды қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):

Облигацияларды орналастыру құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жүзеге асырылатын болады.

9. Облигацияларды айналдыру талаптары және тәртібі:

1) облигацияларды айналдыруды бастайтын күн:

Облигацияларды айналдыруды бастайтын күн, Биржаның қағидаларымен сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша Бірінші болған сауданың өткен күні болып табылады.

2) облигацияларды айналдыруды аяқтайтын күн:

Облигацияларды айналдыруды аяқтайтын күн, Облигацияларды айналдыру кезеңінің соңғы күні болып табылады.

3) облигацияларды айналдыру мерзімі:

Облигацияларды айналдыру мерзімі Облигацияларды айналдыруды бастайтын күннен бастап 2 (екі) жылды құрайды.

4) облигацияларды айналдыруды жоспарлаған нарық (құнды қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):

Облигацияларды айналдыру ұйымдастырылған нарықтағы сияқты құнды қағаздардың ұйымдастырылмаған нарықтарында да жоспарланады.

10. Облигацияларды жабу талаптары және тәртібі:

1) облигацияларды жабу күні:

Облигациялары айналу мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.

2) облигацияларды жабу тәсілі:

Облигациялар бойынша негізгі борышты жабу бойынша төлемдер, Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыларды бір мезгілде төлеумен жүзеге асырылады. Негізгі борыштың сомасын жабу керсетілген төлемді Облигациялары айналу мерзімнің соңғы күнінде алуға құқықтары бар және Облигацияларды ұстаушылардың тізімінде тіркелген (Облигацияларды ұстаушылар тізімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарияның орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) Облигация ұстаушылардың банктік есеп-шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.

3) егер облигацияларды жапқан кезде, сыйақыны және атаулы құнды төлеу облигацияларды шығару перспектісімен сәйкес басқа мүлкітік құқықтармен жүргізілетін болса, бұл құқықтардың сипаты, оларды сақтау тәсілдері, бағалау тәртібі және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі.

Облигацияларды жапқан кезде сыйақыны және атаулы құнды төлеу басқа мүлкітік құқықтармен жүргізілмейтін болады.

11. Құнды қағаздардың нарығы туралы Заңның 15 және 18-4 - баптарымен белгіленбеген облигацияларды өтеп алудың қосымша талаптары болған жағдайда, мыналар көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі «Құнды қағаздар нарығы туралы» №461-II Заңының (бұдан әрі - «Құнды қағаздар нарығы туралы Заң») 15 және 18-4 баптарымен белгіленбеген Облигацияларды шығару үшін өтеп алудың қосымша талаптары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасымен эмитенттердің бастамашылығы бойынша облигацияларды өтеп алуды жүзеге асыру тәртібі қарастырылмағанын ескере отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды өтеп алу құқығының тәртібі, талаптарын және мерзімдерін сипаттаудан тұрады.

1) облигацияларды өтеп алу құқығын іске асырудың тәртібі, талаптары:

Қатысушылардың жалпы жиналысының тиісті шешімі қабылданған жағдайда, Эмитент облигацияларды олардың айналымдағы барлық уақыты ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда Облигацияларды толықтай немесе бөліктей өтеп алуға құқылы болады.

Облигацияларды өтеп алу бағасын Эмитент былайша айқындайды:

- Құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өтеп алуды жүзеге асырған кезде - өтеп алу күнгі Биржадағы сауда нәтижелерінде қалыптасқан баға бойынша;
- Ұйымдастырылмаған нарықта өтеп алуды жүзеге асырған кезде - Облигация ұстаушысы Эмитент өтеп алатын кезде сатуды жоспарлаған өзіне тиесілі Облигацияларды Эмитент екеуі келіскен баға бойынша сатады.

Орналастырылған (өтеп алғандарды шығарып тастағанда) Облигациялардың саны туралы ақпарат Эмитентпен Биржада Биржаның қағидаларымен сәйкес ашылады.

Эмитенттің облигацияларды өтеп алуы, Облигация ұстаушыларының құқықтарын, сондай-ақ Өзінің меншікті облигацияларымен Эмитенттің жасаған мәмілелерін жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын бұзуға әкелмеуі тиіс.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған Облигациялар жабылған болып саналмайды және Эмитент өзінің өтеп алынған Облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда олардың айналымының барлық мерзімі ішінде қайтадан сатуға құқылы болады.

2) облигацияларды өтеп алу құқығын іске асыру мерзімдері:

Эмитент Қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды өтеп алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Облигация ұстаушыларына осындай шешімнің қабылданғаны туралы тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептің

депозитарийінің (бұдан әрі - «ҚЕД») (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарына орналастыру арқылы ескертуі керек:

- ✓ Облигацияларды өтеп алу жүзеге асырылатын нарықты көрсетеді (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- ✓ Өтеп алынатын Облигациялар саны;
- ✓ Облигацияларды сатуды өткізетін құн;
- ✓ есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигациялардың өтеп алыну нәтижесіне оларды есептен шығаруға Облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызмет атқаратын орталық депозитарийге Облигация ұстаушылардың бұйрық беру тәртібі және (б) Облигация ұстаушысына оның өтеп алынған Облигацияларының төлемі ретінде ақшалай қаражатты аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін - Облигацияларды өтеп алу бойынша саудаларды өткізу тәсіліне нұсқау.

Орналастырылған Облигацияларды сатуды Эмитент Эмитенттің Қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімімен белгіленген күні жүзеге асырады.

Ұйымдастырылмаған нарықта өтеп алу өткізілген жағдайда, Облигация ұстаушыға тиесілі Облигацияларды толықтай немесе бөліктей сатуды қалаған Облигация ұстаушылары, Эмитенттің мекен-жайына Эмитенттің Қатысушыларының Жалпы жиналысымен Облигацияны өтеп алу туралы қабылданған шешім туралы ақпараттық хабарлама бірінші жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы болады.

Ұйымдастырылған нарықта өтеп алу өткізілген жағдайда, Облигация ұстаушының өзіне тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

4 ТАРАУ. КОВЕНАНТТАР (ШЕКТЕУЛЕР). ОЛАР БАР БОЛЕАНДА

12. Құнды қағаздардың нарығы туралы заңмен қарастырылмаған қосымша конвенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, келесілер көрсетіледі:

1) эмитентпен қабылданатын және құнды қағаздар нарығы туралы заңмен қарастырылмаған конвенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигацияның айналымының барлық мерзімі ішінде, Эмитент келесідей қосымша конвенанттарды (шектеулерді) сақтауы тиіс:

а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімін бұзуга жол бермеуі тиіс;

б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартпен белгіленген жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуга жол бермеуі тиіс.

2) конвенанттардың (шектеулердің) бұзылуы кезінде эмитенттің әрекет ету тәртібі:

Осы тармақпен қарастырылған қосымша конвенанттардың (шектеулердің) бұзылуы жағдайында, Эмитент бұзушылық болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Облигация ұстаушыларына осындай бұзушылық туралы, бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілін және мерзімін толықтай сипаттаумен бірге тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық

есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - «ҚЕД») (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарына орналастыру арқылы ескертуі керек.

Облигацияны өтеп алу туралы бір ғана жазбаша өтініш түскен жағдайда, Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы, сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінен соңғы күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, мынандай шешім қабылдауға міндетті:

- Облигацияларды өтеп алу туралы;
- өтеп алынатын Облигациялардың саны туралы;
- Облигацияны өтеп алу жүргізілетін күн: бұл ретте өтеп алу жүргізілетін күн Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды өтеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешікпейтін күн тағайындалуы тиіс;
- есеп айырысу тәртібі туралы, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін: а) Облигацияларды өтеп алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға Облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызмет атқаратын орталық депозитарийге Облигация ұстаушылардың бұйрық беру тәртібі және (б) Облигация ұстаушысына оның өтелген Облигацияларының төлемі ретінде ақшалай қаражатты аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - Облигацияларды өтеп алу бойынша сауда өткізу тәсіліне нұсқау;
- Облигацияларды өтеп алуды ұйымдастыру үшін қажетті Эмитенттің басқа да шешімдері.

Эмитент Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды өтеп алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Облигация ұстаушыларына осындай шешімнің қабылданғаны туралы тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - «ҚЕД») (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарына орналастыру арқылы ескертуі керек.

Жарияланған мәліметтерде мынандай мәліметтер болуы керек:

- өтеп алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды өтеп алуды өткізетін күн;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін: а) Облигацияларды өтеу нәтижесінде оларды есептен шығаруға Облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызмет атқаратын орталық депозитарийге Облигация ұстаушылардың бұйрық беру тәртібі және (б) Облигация ұстаушысына оның өтелген Облигацияларының төлемі ретінде ақшалай қаражатты аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - Облигацияларды өтеп алу бойынша сауда өткізу тәсіліне нұсқау;
- Облигацияларды өтеп алуды ұйымдастыру үшін қажетті Эмитенттің басқа да шешімдері.

Орналастырылған Облигацияларды өтеп алу Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды өтеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешікпейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Эмитент Облигация ұстаушылардың талаптары бойынша Облигацияларды мына бағалардың ең жоғарғысы бойынша өтеп алуга міндетті:

- жинақталған сыйақыны есептей отырып, Облигацияның атаулы құнына сәйкес келетін баға бойынша;

- Облигацияның адал нарықтық бағасы бойынша.

3) ковенанттарды бұзған кезде облигация ұстаушылардың әрекет ету тәртібі:

Эмитенттің кез келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпаратпен Облигация ұстаушысы Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Эмитенттің осы тармақта көрсетілген кез келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпаратты бірінші жариялаған күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, Эмитенттің мекен-жайына Облигация ұстаушылар, сатып алуға жарияланған Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтінішті беруге, ал Эмитент осы күндерде оларды қабылдауға құқылы. Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысымен Облигацияларды өтеп алу туралы, оның ішінде Облигацияларды өтеп алу өтетін күн туралы шешімдердің қабылданғаны туралы ақпаратпен Облигация ұстаушысы Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Облигация ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды өтеп алу туралы өтінішті барлық керекті деректемелерді көрсете отырып ерікті түрде беруі тиіс:

- ✓ заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіргіш нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік берілген күн және берген орган; заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатуға жататын Облигациялардың саны және түрі;
- ✓ жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты; жеке сәйкестендіргіш нөмірі; жеке басын куәландыратын құжатты берген орган, оның нөмірі және берілген күні; тұратын жері; телефон; банктік деректемелері; өтеп алуға жататын Облигациялардың саны және түрі.

Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысының Облигацияларды өтеп алу туралы тиісті шешімімен, өзіне тиесілі Облигацияларды өтеп алу туралы жазбаша өтініште, Облигация ұстаушының қосымша мәліметтерді көрсету қажеттілігі көзделген болуы мүмкін. Ұйымдастырылған нарықта өтеп алу өткізілген жағдайда, Облигация ұстаушының өзіне тиесілі Облигацияларды өтеп алуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі. Ұйымдастырылмаған нарықта өтеп алу өткізілген жағдайда, Облигацияларды өтеп алу өткізілген күні, Облигация ұстаушысы, Облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарияның мекен-жайына, Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіпте, өзіне тиесілі Облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беруі тиіс. Өтеуге өтініш бермеген Облигация ұстаушылары, осы проспектіде көрсетілген айналым мерзімі аяқталысымен өздеріне тиесілі Облигацияларды жабуға құқылы болады.

5 ТАРАУ. ЭМИССИЯЛЫҚ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ КОНВЕРТАЦИЯЛАУ ТАЛАПТАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ (КОНВЕРТАЦИЯЛАНАТЫН ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРҒАНДА)

13. Конвертацияланатын облигацияларды шығарғанда келесідей мәліметтер көрсетіледі:

- 1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталатын болса, облигациялар шығарылымы конверсиялау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, осы

шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастыруға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Осы шығарылымның облигациялары конвертацияланатын болып табылмайды.

6 ТАРАУ. ШЫҒАРЫЛҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТОЛЫҚТАЙ НЕМЕСЕ БӨЛІКТЕЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЭМИТЕНТТІҢ МҮЛКІ ТУРАЛЫ, ОСЫ МҮЛІКТІҢ ҚҰНЫ КӨРСЕТІЛГЕН МӘЛІМЕТТЕР (ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША)

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелердің толықтай немесе бөліктей қамтамасыз етушісі болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүлкінің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;
- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану тәртібі болуға тиіс.

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

15. Кепілдік берген банктің атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, мерзімі мен кепілдік талаптары көрсетілген деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілген болса):

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

16. Инфрақрылымдық облигацияларды шығарған кездегі - мемлекеттің кепілдік беруі туралы концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының деректемелері:

Осы шығарылымның облигациялары инфрақрылымдық болып табылмайды.

7 ТАРАУ. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДАН АЛЫНҒАН АҚШАЛАРДЫҢ МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ

17. Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшалардың нақты мақсатты пайдаланылуы:

1) облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаларды пайдаланудың нақты мақсаты:

Облигацияларды орналастырудан жиналған ақша қысқа мерзімді онлайн-несиелер беру үшін айналым қаражатын толықтыруға жұмсалады.

Эмитент жеке тұлғалар үшін 2020 жылғы 22 маусымынан бастап, «МФҰ aFinance» ЖШС микрокредиттер беру ережелеріне сәйкес мерзімдері 45 күннен аспайтын және несие сомасы 140 000 теңгеден аспайтын жеке тұлғаларға жедел несиелер ұсынады. Қарыз алушы өтінішті қабылдаудан бастап және несиені төлеумен бастап, онлайн-несие берудің барлық процесі қашықтан, Интернет арқылы жүзеге асырылады. Бұл Эмитентке әлеуетті қарыз алушыларға қысқа мерзімді қаржыландыруда тек ірі қалаларда ғана емес, сонымен қатар елдің шалғай аймақтарында қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Күтілетін максималды кірістер тоқсанда 45% құрайды, оның ішінде NPL 15%.

2) инфрақрылымдық облигацияларды шығарғанда, облигация ұстаушының өкілінің көрсеткен қызметіне, онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеумен байланысты шығындар көрсетіледі.

Осы шығарылымның облигациялары инфрақрылымдық болып табылмайды.

18. Облигациялар шығару кезінде төлем талап ету құқығымен жүзеге асырылады

Айналым мерзімі өткен, эмитентпен бұрын орналастырылған (эмитенттің өтеп алған облигацияларын алып тастағанда), облигациялар бойынша төлемді талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығарғанда, осы облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақылардың сомасы қосымша көрсетіледі:

Осы шығарылымның облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейтін болады.

8 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН (АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ САТЫП АЛҒАНДАРДЫ ЕСЕПТЕМЕГЕНДЕ) АКЦИЯЛАРЫНЫҢ (ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНДАҒЫ ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ) ОН ЖӘНЕ ОДАН АРТЫҚ ПАЙЫЗЫНА ИЕЛІК ЕТЕТІН ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР НЕМЕСЕ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарды есептемегенде) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) он және одан артық пайызына иелік ететін құрылтайшылар немесе ірі акционерлер туралы мәліметтер:

1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) (жеке тұлға үшін) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

БЕЛЬДЕУБАЕВ МУРАТХАН

2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) (заңды тұлға үшін) толық атауы, орналасқан жері:

Эмитенттің заңды тұлға болып табылатын қатысушылары жоқ.

3) құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің жалпы санына пайыздық қатынасы:

БЕЛЬДЕУБАЕВ МУРАТХАН, эмитенттің жарғылық капиталындағы 100% үлесіне ие.

4) құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталының он және одан артық пайызына иелік еткен күн:

21 шілде 2016 жыл.

9 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

1) Директорлар кеңесі немесе Байқау кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (директорлар Кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып);

2) Директорлар кеңесінің немесе Байқау кеңесінің мүшелері сайланған күн және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен;

3) Эмитенттің Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі Эмитенттің дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің Байқаушы кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі Эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы болып табылады;

4) Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы Директорлар кеңесі немесе Байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы жатады.

Эмитенттің Байқаушы кеңесі (директорлар кеңесі) құрылмады. Эмитенттің ұйымдық-құқықтық нысаны үшін байқау кеңесін (директорлар кеңесін) құру заңнамада көзделмеген.

21. Атқарушы органының қызметін жалғыз жүзеге асыратын алқалық орган немесе тұлға:

1) Атқарушы органының қызметін жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), басшының және алқалық атқарушы органның мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Эмитенттің жарғысына сәйкес, эмитенттің атқарушы органы директор және (немесе) дирекция болып табылады. Эмитенттің директоры - Бельдеубаев Муратхан.

2) Атқарушы органының қызметін жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның, немесе алқалық органның мүшелерінің өкілеттілігін көрсете отырып, сайланған күні және олардың соңғы 3 (үш) жылда және қазіргі кездегі еңбек қызметі туралы мәліметтер, хронологиялық тәртіпте:

- Эмитенттің Бас директоры – Бельдеубаев Муратхан сайланған күні: 2020 жылдың 11 ақпаны.
- Эмитенттің Бас директорының соңғы 3 (үш) жылда және қазіргі кездегі еңбек қызметі туралы мәліметтер:

№п/п	уақыты	Ұйым және лауазымы	өкілеттілік
1	қазан 2016 ж. – қазіргі кезде	«iFinance» ЖШС, Директоры	Эмитент атынан сенімхатсыз әрекет етеді; серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін белгілейді, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады; Эмитенттің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді; қатысушылардың жалпы жиналысының немесе бақылау органдарының құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған жалпы берілген өкілеттіктерді жүзеге асырады
2	11 ақпан 2020 ж. – қазіргі кезде	«МФО аФинанс» ЖШС, Директоры	Эмитент атынан сенімхатсыз әрекет етеді; серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін белгілейді, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады; Эмитенттің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді; қатысушылардың жалпы жиналысының немесе бақылау органдарының құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған жалпы берілген өкілеттіктерді жүзеге асырады

3) Эмитенттің атқарушы органының қызметін жалғыз жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшесіне тиесілі дауыс беретін акциялар мен қатысу үлесінің эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе жарғылық капиталындағы үлестеріне пайыздық қатынасы.

Директорға жарғылық капиталдың 100% үлесі тиесілі.

22. Эмитенттің атқарушы органының өкілеттілігі басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда, ол көрсетіледі:

- 1) басқарушы ұйымның толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері;
- 2) басқарушы ұйымның атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не алқалық атқарушы орган мүшелерінің және басқарушы ұйымның Директорлар кеңесі (Байқаушы кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 3) Осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған адамдар сайланған күн және олардың соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен табыс етіледі;
- 4) Осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы болып табылады;
- 5) Осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің Эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы болып табылады.

Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеді.

10 ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТКЕН ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

23. Эмитенттің қызметінің түрлері:

1) қызметтің негізгі түрі:

Эмитент қызметінің негізгі мақсаты - несиелеудің басқа түрлерін ұсыну. Осы мақсатқа жету үшін эмитент Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңына сәйкес келесі қызмет түрін жүзеге асырады:

Эмитент бір қарыз алушыға республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген 50 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде микрокредиттер береді;

2) эмитент қызметінің түрлері, мезгілдік сипаттағы қызмет түрлері және олардың эмитенттің жалпы табысындағы үлесін көрсетіп қысқаша сипаттау:

Эмитент Turbotmoney.kz сауда маркасы бойынша жеке тұлғаларға микрокредиттер беру бойынша өз қызметін 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап және МҚҰ туралы заңның 4-тармағының 3-1 тармақтарына толық сәйкес жүзеге асырады. Бірақ іс жүзінде turbotmoney.kz интернет-ресурсы 2016 жылдың қазан айынан бастап iFinance ЖШС атынан жұмыс істейді және оның клиенттік базасы 01.09.2020 ж. 670 000-нан астам клиентке ие. Turbotmoney.kz сауда маркасы және сайтқа құқықтар МҚҰ aFinance пайдасына өтті (эксклюзивті құқықты басқа тұлғаға беру туралы келісім шарт бойынша 2020 жылғы 24 маусымдағы

№ 04-2020333 / 14-21), сондықтан эмитент авторлық құқық иесі бола отырып, микроқаржыландыруды МҚҰ туралы заңға сәйкес қызмет етеді.

3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасының келесі микроқаржы ұйымдары эмитенттің бәсекелесі бола алады:

Атауы	Сауда белгісі	Орналасқан жері
«Микрофинансовая организация «Creditum» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Keke.kz	Алматы қ, Сәкен Сейфуллин даңғылы, 410
«Микрофинансовая организация «SOFI FINANCE (Софи Финанс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Tengo.kz	Алматы қ, Достық даңғылы, 210, блок 2, 12 қабат
«Микрофинансовая организация «Kredit Seven Kazakhstan (Кредит Сeven Казахстан)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	CreditPlus	Алматы қ, Жібек жолы көшесі, № 135 үй, блок 1, 1082 кеңсе
«МФО «ОнлайнКазФинанс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Moneyman	Алматы, Достық даңғылы 172, 7-8 пәтер.

4) эмитенттің қызметінің негізгі түрлері бойына сатудың (жұмыстардың, қызметтердің) табыстылығына оң және кері әсер ететін факторлар:

Табыстылыққа оң әсер ететін факторлар
<ul style="list-style-type: none"> • 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап несиелік бюроның мәліметтеріне қол жеткізу; («IFinance» ЖШС 11.11.2016 ж. бастап) • эмиссия көлемінің ұлғаюы және тұрақты шығындар үлесінің төмендеуі; • бизнес-процестерді одан әрі оңтайландыру; • бағалы қағаздар шығару; • халық үшін микрокредиттердің қол жетімділігін одан әрі жақсарту; • Интернетте алу арқылы халықтың қаржылық ресурстарға деген қажеттілігін арттыру.

Табыстылыққа кері әсер ететін факторлар
<ul style="list-style-type: none"> • қарыз алушылардың 2020 жылы Қазақстан Республикасында және әлемде макроэкономикалық процестерге байланысты алынған микрокредиттер бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамау қаупінің артуы; • нарықтағы бәсекелестер санының едәуір өсуі және нәтижесінде клиенттерді тарту құнының артуы.

5) Эмитент иеленетін лицензиялар (патенттер) және олардың қолданылу мерзімі, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы шығындар, оның ішінде эмитент қаржыландыратын ғылыми зерттеулерді дамыту туралы ақпарат:

Эмитент лицензияланған қызметті жүзеге асырмайды, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, оның ішінде ғылыми әзірлемелерді жүзеге асырмайды немесе демеушілік етпейді.

6) Эмитентке жеткізілген (ұсынылған) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сатқан (ұсынған) өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің), сатылған өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі;

Эмитент шикізатты (жұмысты, қызметті) импорттамайды және өнімді (жұмысты, қызметті) экспортқа сатпайды (көрсетпейді).

7) Эмитенттің сот ісін жүргізуге қатысуы туралы, эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту қаупіне, одан ақшалай және басқа міндеттемелерді өндіріп алуға байланысты, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызы мөлшерінде өндіріп алуға байланысты, оның қатысуымен сот ісін жүргізу сипатын көрсете отырып:

Эмитент эмитенттің қызмет етуінің тоқтауы немесе өзгеруі, эмитенттен эмитенттің жалпы активтерінің 10 (он) және одан көп пайызы мөлшерінде ақшалай және басқа міндеттемелерді өндіріп алуына байланысты сот ісін жүргізуге қатыспайды.

8) Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа тәуекел факторлары.

Эмитент осы проспекте көрсетілгеннен басқа тәуекел факторларын қабылдамайды.

24. Эмитенттің тауарлары (жұмыстары, көрсетілетін қызметтері) тұтынушылары мен жеткізушілері туралы, олармен (жұмыстар, қызметтер) тауар айналымының көлемі олар өндірген немесе тұтынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын тауар айналымы:

Эмитентте көрсетілетін қызметтер көлемі эмитент ұсынатын қызметтердің жалпы құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын тұтынушылар жоқ.

Эмитентте эмитенттің тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жеткізушілері жоқ, олармен (ұсынылған жұмыстар, қызметтер) тауар айналымының көлемі эмитент тұтынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) пайызынан асады.

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитенттің жалпы активтерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын эмитенттің активтері:

Активтердің атауы	30.09.2020 жылғы жағдай бойынша активтердің жалпы көлемінің үлесі %	Активтік баланс құны, мың. теңге
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар (клиенттерге микронесиелер)	96,88%	406 066

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық қарыз:

Эмитенттің эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшерінде дебиторлық қарыз жоқ.

27. Эмитенттің активтерінің баланстық құнынан (он) және одан артық пайызды құрайтын несиелік қарыз:

Эмитенттің эмитенттің міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшерінде кредиттік қарызы жоқ.

28. Эмитенттің левередж көлемі:

	МФО аФинанс ЖШС		
	31.07.2020	31.08.2020	30.09.2020
Міндеттемелер, мың теңге	68 891	143 246	192 486
Жеке капитал, мың теңге	121 988	159 655	226 629
Левередж	0,56	0,90	0,85

29. Эмитенттің соңғы екі аяқталған қаржы жылындағы қызметінен алынған, оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген, аудиторлық есеппен расталған таза ақша ағындары:

Эмитенттің соңғы екі аяқталған қаржы жылындағы қаржылық есептілігі жоқ, өйткені Эмитент өзінің Turbomoney.kz сауда белгісімен микрокредиттер беру жөніндегі операциялық қызметін 2020 жылдың 11 ақпанынан бастап және МҚҰ туралы заңның 4-тармағының 3-1 тармақтарына толық сәйкес жүргізе бастады.

Кестеде 2020 жылға арналған таза ақша ағындарының келесі көрсеткіштерімен микрокредиттер беру бойынша өз қызметін жүзеге асыратын turbomoney.kz онлайн-жобасының деректері көрсетілген (2020 жылдың шілде, тамыз және қыркүйек айлары үшін).

мың теңге

	МҚҰ аФинанс ЖШС		
	шілде 2020	тамыз 2020	қыркүйек 2020
Операциялық қызметтен ақша қаражатының түсуі	35 388	146 180	225 152
Операциялық қызметтен ақша қаражатының шығуы	181 054	199 907	274 019
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	(145 666)	(53 727)	(48 867)
Инвестиция қызметінен ақша қаражатының түсуі	-	-	-
Инвестиция қызметінен ақша қаражатының шығуы	-	21	667
Инвестиция қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы	-	21	667
Қаржы қызметінен ақша қаражатының түсуі	38 998	53 346	46 630
Қаржы қызметінен ақша қаражатының шығуы	0	0	0
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы	38 998	53 346	46 630
Кезең ішінде ақша қаражатының ұлғаюы + / - азаюы	(106 668)	(402)	(2904)
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	122 296	15 628	15 226
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	15 628	15 226	12 322

30. Осы облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің барлық тіркелген борыштық бағалы қағаздары (жойылған және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда) туралы ақпарат:

әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, түрі және атаулы құны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы, оларды сатып алу күні көрсетіле отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны;

эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлеуді кешіктіру)) фактілері туралы мәліметтер, орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, Бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке);

егер мемлекеттік емес бағалы қағаздарды орналастыру не олардың айналысы қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымын тоқтата тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі;

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналысқа түсетін нарықтар;

бұрын шығарылған, оларды ұстаушыларға айналыстағы облигациялардың әрбір түрі ұсынатын құқықтар, оның ішінде шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде өткізілген және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген құқықтар.

Эмитент қарыздық бағалы қағаздар шығарылымын бұрын тіркеген емес.

11 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСТЫРҒАН ЭМИССИЯЛЫҚ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

31. Облигация иесіне берілген құқықтар:

1) облигациялар өтелген кезде номиналды құнын осы проспекте көзделген тәртіп пен мерзімде алу құқығы;

2) осы проспекте көзделген мерзімде және олардың көлемінде облигацияларға олардың номиналды құнының белгіленген пайызын алу құқығы;

3) эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және биржаның ережелерінде белгіленген тәртіппен және алу тәртібі;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

